

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРІНІҢ
ОРЫНБАСАРЫ



ЗАМЕСТИТЕЛЬ
ПРЕМЬЕР-МИНИСТРА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2023 жылғы 4 мамырдағы
№ДС-136 хатқа*

Құрметті депутаттар!

Онкологиялық аурулары бар адамдарды медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдау және мүгедектікті белгілеу рәсімін жеңілдету туралы депутаттық сауалыңызды қарап, келесіні хабарлаймын.

Соңғы үш жылдары (2020-2022 жж.) елімізде аурудың IV сатысымен анықталған қатерлі ісіктері бар науқастардың үлесі төмендеуде (*үлес салмағы 2022 жылы 13,1-ден 12,6-ға дейін*).

Бұл қатерлі ісіктерді анықтау бойынша диагностикалық мүмкіндіктердің қолжетімділігінің артуына және халықтың скринингтік тексеру көлемінің ұлғаюына байланысты (*ерте диагностикалау (0-I сатысында) жиілігі 2020 жылы 25,3% - дан 2022 жылы 29% - га дейін*).

Онкологиялық көмек көрсету стандарты бекітіліп¹, «Жасыл дәліз» бойынша тексеру мерзімдері қысқартыла отырып, тексеру мүмкіндігі енгізілді.

Үйлестіру кеңесінің отырыстары тоқсан сайын өткізіледі, онда өңірлер бөлінісінде онкоиндикторларға қол жеткізу жөніндегі жағдайлар қарастырылған. Ерте диагностикалау деңгейін арттыру үшін скринингтік бағдарламалар жандандырылды, мультидисциплинарлық топтар ұйымдастырылды, ауыл тұрғындары арасында профилактикалық тексерулер бағдарламасы енгізілді, өңірлерде байқау кабинеттері мен онкологтар кабинеттерінің саны ұлғайды (*2022 жылдың қорытындысы бойынша 2168 байқау кабинеті жұмыс істеді (2021 жыл - 2002); 499 онкологиялық кабинет (2021 жыл - 465)*).

2018 - 2022 жылдарға арналған Кешенді жоспардың аяқталуына байланысты, Қазақстан Республикасында онкологиялық аурулармен күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған Кешенді жоспарды әзірленуде.

Медициналық-әлеуметтік сараптамаға жолдау және оны жүргізу бойынша

Мүгедектікті белгілеу тәртібі Медициналық-әлеуметтік сараптама (*бұдан әрі – МӘС*) жүргізу қағидаларымен² реттеледі. Мүгедектік тобын, мерзімдерін және себептерін белгілеу МӘС жүргізу арқылы жүзеге асырылады.

¹ ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 12 қарашадағы № ҚР ДСМ-112 бұйрығымен бекітілген

² ҚР Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен бекітілген

Медициналық ұйымдар организм функцияларының тұрақты бұзылуын растайтын диагностикалық, емдеу және оңалту іс-шаралары кешенін жүргізгеннен кейін, анатомиялық ақаулары бар немесе организм функциялары едәуір немесе өте айқын білінетін бұзылушылықтары бар және оңалту әлеуеті жоқ жазылмайтын ауруларды қоспағанда, адамдарды еңбекке уақытша жарамсыздық басталған немесе диагноз қойылған сәттен бастап кемінде 4 айдан кейін МӘС-ке жолдайды.

Аталған мерзім диагностикалық, емдеу және оңалту шараларын толық көлемде жүргізу үшін бақылау кезеңі болып табылады. Организм функциялары өте айқын дәрежеде бұзылған онкологиялық аурулары бар (*IV клиникалық топ*) науқастар диагноз қойылған сәттен бастап МӘС-ке жіберілуі мүмкін.

Осылайша, аталған адамдар мүгедектік тобын белгілеу және басқа да әлеуметтік қолдау шараларын (*әлеуметтік жәрдемақылар, оңалту құралдары және т.б.*) көрсету үшін МӘС-тен өту қажет.

Мүгедектікті белгілеу рәсімін жеңілдету бойынша

Мүгедектікті белгілеу рәсімін оңайлату және ашықтығын қамтамасыз ету мақсатында республикада МӘС сырттай проактивті форматта жүргізу іске асырылуда.

Негізгі мақсат – азаматтардың әртүрлі инстанцияларға барып жүруін, қағазбастылықты болдырмау арқылы мүгедектік белгілеу рәсімін жеңілдету.

Клиникалық-функционалдық диагнозды нақты растайтын диагностикалық және функционалдық тексерулердің елеусіз көлемін талап ететін нозологиялық нысандар енгізілді.

Осылайша МӘС сырттай куәландыруды нозологиялық нысандар тізбесі (*бұдан әрі - Тізбе*) бойынша жүргізіледі. Тізбеде онкологиялық аурулар да қарастырылған.

Ақпарат үшін: 2023 жылғы 15 мамырдағы жағдай бойынша:

барлық куәландырудан өткен адамдар саны – 93,7 мың адам, оның ішінде: сырттай проактивті куәландырудан – 22,3 мың адам (23,8%) оның ішінде қатерлі ісік ауруымен – 11,4 мың адам (51,1%).

Бұл ретте, МӘС әртүрлі өңірлердің эксаумақтық сарапшыларымен электронды форматта келіп түскен медициналық құжаттар негізінде жүргізіледі.

Ауыр науқастарды куәландыру/қайта куәландыру (*соның ішінде IV клиникалық топ*) МӘС Қағидаларында реттелген және заңнама шеңберінде жүзеге асырылуда.

Жалпы Үкімет депутаттық корпусының мүгедектікті белгілеу рәсімін жеңілдету туралы ұсыныстарын қарауға дайын екендігін білдіреді.

Мәселе уәкілетті орган мен Үкіметтің тұрақты бақылауында.

А. Көлгінов